

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1215 Қаулысы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 8                      ж ы л ғ ы                      2 3                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N                      1 2 1 5                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары Астана, 2008 жыл Стратегиялық жоспардың құрылымы

1. Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы мен көзқарасы
2. Ағымдағы жағдайды талдау
3. Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттер мен нысаналы индикаторлары
4. Ауыл шаруашылығы министрлігінің функционалдық мүмкіндіктері және ы қ т и м а л                      қ а у і п - қ а т е р л е р
5.                      С е к т о р а р а л ы қ                      і с - қ и м ы л
6. Бағдарламалық және өзге де нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі
7. Бюджеттік бағдарламалар

## Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы

Агроөнеркәсіптік кешен салаларының бәсекеге қабілеттіліктің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне және экономикалық өсуіне жәрдемдесу мақсатында агроөнеркәсіптік

кешенді, су, орман, аңшылық және балық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттің аграрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

## **Ауыл шаруашылығы министрлігінің көзқарасы**

2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспардың шараларын іске асыру нәтижесі АӨК салаларын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 2007 жылмен салыстырғанда 2011 жылы 20,7% арттыру, отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік басымдылығын дамыту, елдің азық-түлік қауіпсіздігін және мемлекет қаражаты мен материалдық активтерді басқару тиімділігін қамтамасыз ету, экономиканың ведомствоға бағынысты салаларын үйлестіруді жоғары деңгейге жеткізу болып табылады.

## **Ағымдағы жағдайды талдау**

### **Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту**

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.22 № 2161 Қаулысымен.**

Бүгінгі таңда республиканың агроөнеркәсіптік кешеніндегі жағдай өндірістің тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржы қызметі нарығының дамуымен, ауыл халқының өмір сапасының жақсаруымен сипатталады.

2007 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі бір трлн. теңгеге артты және 1121,8 млрд. теңгені құрады, ал өндірістің өсімі 8 % а с т а м д ы к ұ р а д ы .

Қазіргі уақытта салада өндірістің жалпы өнімі 1 адамға есептегенде 3800 \$ астамды к ұ р а й д ы .

2007 жылы ауылдық жерде жұмыссыздар деңгейі 6,2 % деңгейінде қалыптасты.

Жыл сайын ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар артуда. Егер 2002 жылы инвестициялар салу 17,3 млрд теңгені құраса, ал 2007 жылы - 55,9 млрд теңге немесе 3,2 есе артық.

2007 жылы жалпы астық дақылдарын жинау 13,3 ц/га түсімділікпен 20,1 млн. тоннаны құрады, бұл тиісінше 2006 жылы қол жеткізілгенге қарағанда 1,6 ц/га және 3,6 млн тоннаға артық. Бұл көлем еліміздің жаңа астыққа дейінгі ішкі қажеттілігін және экспорттық әлеуетті 9 млн. тоннаға қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бидай өндірісі халықтың жан басына шаққанда 1058 килограмға жетті, бұл Қазақстанға өткен жылы осы көрсеткіш бойынша Австралияны артқа тастап әлемде 1 орынға шығуына мүмкіндік берді. Әлемде Қазақстан бидай экспорты бойынша 7-о р ы н д ы а л а д ы .

Астық өндірісінің артуы республикадағы астық танабының үштен бірін (5,2 млн.га) құраған алқапқа ылғал қорын сақтау технологияларын кеңінен пайдалану, егілетін

сұрыпталған тұқымдардың үлесін, 1-2 сыныпты тұқым үлесін - 78,9 %-ға дейін, ал жоғарғы деңгейде қалыптастырылған тұқымдар үлесін - 84 %-ға дейін арттыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау көлемінің өсуі арқасында қол жеткізілді.

Сонымен қатар, ауыспалы егістерді игеруге байланысты Шығыс Қазақстан, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында негізінен көрсетілген дақылдарды егуді азайтудан күнбағыс және зәйтүн егістік алаңдары қысқартылды. Қант зауыттары белгілеген сатылу бағасының төмендігінен, сондай-ақ өсірілген өнімнің жоғары өзіндік құнының жоғарылығынан қант қызылшасының егістік алқаптары қысқартылды, бұл ауыл шаруашылығы құрылымдарын көрсетілген дақылды өсірумен айналысуға ынталандырды.

Бұдан басқа, өсімдік шаруашылығында бірқатар шешімін таппаған күрделі мәселелер бар: ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің экстенсивті технологиялары; қазақстандық селекцияның жоғары сапалы сорттары мен гибридтерінің жоғалуына әкелетін, отандық селекция мен тұқым шаруашылығының жеткіліксіз дамуы; қайта өңдеу кәсіпорындарының әлеуеттілігін толық қамту үшін майлы тұқымдардың импорты; сорт сынаудың өндірістік процестерінің техникалық жарақтануының төмендігі; суармалы жерлерді пайдалану тиімділігінің төмендігі; химияландыру деңгейінің төмендігі; ауыл шаруашылығы дақылдары түсімділігінің төмендеуіне себепші болатын ғылыми негізделген агротехнологиялардың сақталмауы, агротехнологиялық жұмыстардың оңтайлы мерзімдері ұсталмауы; көкөніс, жеміс және картопқа арналған техникалық жарақталған қоймалардың жоқтығы, оларды дайындау мен қайта өңдеудің ретке келтірілмеуі; жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерінің қартайғандығы және алқаптарының қысқаруы.

Көрсетілген мәселелерді шешу үшін мемлекеттік қолдаудың нысандары мен бағыттарын жетілдіру арқылы өсімдік шаруашылығын әртараптандыруды әрі қарай ынталандыру қажет.

Республикада жемістер мен жүзімнің қажеттілігі және оларды тұтынуға талдау қосымша бақтар мен жүзімдіктер егу қажеттілігін көрсетіп отыр. Халықты жемістер және жидектермен қамтамасыз ету үшін кемінде 13,5 мың га алқапқа жеміс дақылдарын және 3,1 мың га жүзім егу қажет.

Республика аумағында фитосанитариялық жағдайды үнемі бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар, бірқатар күрделі мәселелер бар: ауыл шаруашылығы өндірісіне зиян келтіретін көптеген карантиндік, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуы; алыс және жақын шетелдерден, оның ішінде карантинге қатысты қолайсыз елдерден әкелінетін карантинді өнімге жататын өсімдіктердің ағынының ұлғаюы; өсімдік карантині бойынша шекаралық күзет орындарының материалдық-техникалық жарақтандырылуының жеткіліксіздігі; өсімдік карантині бойынша шараларды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етудің болмауы. Фитосанитариялық шаралар толық

көлемде (аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы 5,1 млн га көлемінде, карантинді объектілер ошақтарын жою бойынша 350,0 мың га көлемінде) өткізілмейді.

2007 жылы нақты салмақта 205 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді және тыңайтылған аумақ 2 279,0 мың гектарды құрады, бұл 2003 жылғы көрсеткіштен 7 есеге артық. Алайда, енгізілген минералды тыңайтқыштардың осы көлемі қажеттіліктің 9 % ғана құрайды.

Екіншілікті тиімді жүргізу, топырақ құнарлылығын сақтау және ұдайы өсіру үшін тыңайтқыштар қолдануды ары қарай ынталандыру қажет.

2007 жылы мал шаруашылығы саласында шаруашылықтардың барлық санатында малдар мен құстар санының өсуі 2006 жылмен салыстырғанда 3-5 пайызды, ал мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 3-7 пайызды құрады. Мал шаруашылығында жүргізіліп жатқан селекциялық-тұқымдық жұмыс саланың дамуына белгілі бір әсерін тигізіп отыр.

Алайда, мұнда бірқатар ұстап тұратын факторлар бар: барлық ауыл шаруашылығы мал санының 80 пайызға жуығы жеке үйлерде болуы; асыл тұқымды мал басының үлес салмағы төмен болып қалуда және 5-8% ғана құрауы; жануарларды асырау және қоректендірудің қара дүрсін технологиялары, енімді өндіру және қайта өңдеу технологияларының ескіргендігі, мал шаруашылығы процестерін механикаландыру және автоматтандыру деңгейінің төмендігі; орта және ірі тауарлы өндірістің мамандандырылған шаруашылықтары дамуының жеткіліксіздігі; жемшөп базасының әлсіздігі, толық мелшердегі құрама жемнің жетіспеушілігі және оның салдары ретінде мал мен құстардың өнімділігінің төмендігі; ауыл шаруашылығы малдарын ұстаудың зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкессіздігі; малдарды сәйкестендіру, мал қорымы және сою пунктерін салу бойынша жергілікті атқару органдары жұмысының әлсіздігі.

Ветеринария саласында республикадағы эпизоотикалық саулық және мал шаруашылығы азық-түліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нысаналы жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар, елдің толық ветеринариялық саулығын қамтамасыз етуді мынадай күрделі мәселелер ұстап тұр: малдар мен құстардың аса қауіпті ауруларына қарсы эпизоотикаға қарсы шаралардың толық көлемде жүргізілмеуі, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарда ветеринариялық бақылау жүргізетін бөлімшелер санының жетіспеушілігі; зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамай ауыл шаруашылығы малдарын ұстау; ветеринариялық зертханалардың материалдық-техникалық жарактандырылу деңгейінің төмендігі; жергілікті атқарушы органдарының мал қорымы және сою пунктерін салуда ұйымдастыру жұмысының әлсіздігі, жануарларды сәйкестендіру жүйесінің реттелмеуі, ветеринар мамандар - лицензия алушылардың біліктілігі деңгейінің төмендігі.

АӨК-не қарасты қайта өңдеу кешенінің қазіргі жағдайын өндірістің өсуі үшін айтарлықтай әлеуеті бар және бірқалыпты деп бағалауға болады. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру көлемі жылдан-жылға ұлғаяуда.

2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы шикізатының қайта өңделген үлесі оны өндірудің жалпы көлемінен: сүт - 33%-ға дейін, (2006 жылы - 26,6%), астық - 37%-ға дейін (28,2%), майлы дақылдар - 98%-ға дейін (75%), ет - 24%-ға дейін (17,8%) артты.

2007 жылы қайта өңдеу кәсіпорындары 573,8 млрд.теңге сомасында өнім өндірді, бұл 2006 жылға қарағанда 7,4% артық және өнеркәсіптік өндірістің республикалық көлемінің 7,3%, барлық өңдеуші өнеркәсіптің 19,4% құрайды.

Шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту бойынша және кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға өту жұмысы жалғасуда, қазіргі кезде ИСО және ХАССП халықаралық стандарттарына негізделген сапалық менеджмент жүйесін саланың 184 кәсіпорыны енгізді, 89 кәсіпорын СМЖ-ін енгізуде әзірлеу және өндіріске дайындау с а т ы с ы н д а .

Сонымен қатар, бірқатар күрделі мәселелер бар: ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың технологиялық құрал-жабдықтарының жоғары дәрежеде тозуы, (50% жоғары); ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу өнеркәсібі деңгейінің төмендігі және сапалы шикізаттың жоқтығынан қайта өңдеу кәсіпорындары қуаттылығының толық жүктелмеуі, қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілетті деңгейінің жетіспеушілігі және қорытындысында олардың ішінде кейбіреулері бойынша импорт үлесінің жоғары болуы, ХАССП принциптерін енгізу бойынша жұмыстың а з д ы ғ ы .

Машина-тракторлық паркті жаңарту жөнінде нысаналы жұмыс жүргізілуде. 2007 жылы ауыл шаруашылығы техникасының 4,2 мыңнан астам негізгі түрлері сатып а л ы н д ы .

Жақын және алыс шетелдерден жоғары өнімді, энергияға қаныққан техниканы сатып алу 2002 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өндірісінің энергиямен қамтамасыз етілуін 19,5 % арттыруға мүмкіндік берді.

Алайда, Қазақстанның қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы машиналарының паркі 80%-ға дейін тозып тұр. Негізгі ауыл шаруашылығы техникасының орташа 8-10 жыл жұмыс істеу мерзімінде, жылдық құрамы 10 жылдан асатын тракторларды пайдалану 94%-ға, астық жинау комбайндарын - 77,7%-ға жуығын құрайды. Мұнда, жыл сайын тракторларды жаңарту орташа 0,87%, астық жинау комбайндарын - 3,2 пайызды құрайды.

Экспорт көлемінің орнықты өсу беталысы жалғасуда. Сонымен, 2007 жылы жалпы сомасы 2,3 млрд. АҚШ долларына жуық шамада ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік тауарлары экспортқа шығарылды. Астық пен оның қайта өңдеу өнімдері ең ірі экспорттық көзқарас болып қала беруде. 2007 жылы экспортқа 6,9 млн.тонна астық

жөнелтілді, бұл 2006 жылдың деңгейінен 49,2% артық, сонымен бірге 1,5 млн.тонна ұн экспортқа шығарылды, бұл 2006 жылдың деңгейінен 29,5% артық.

Саланың серпінді дамуына көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың тиімділігі әсерін т и г і з д і .

Былтырғы жылы агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік қолдау көлемі елеулі түрде артты. Егер 2002 жылы осы мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен 27,3 млрд.теңге бағытталған болса, 2007 жылы - 77,9 млрд.теңге немесе 2,8 есе көп, оның ішінде субсидия көлемі - 21,5 млрд.теңгені, несиелер - 26,2 млрд.теңгені құрады. 2008 жылы барлығы 137,0 млрд.теңге, оның ішінде субсидиялар - 21,6 млрд.теңге, несиелер - 52,6 млрд.теңге б ө л і н д і .

### **Орман және аңшылық шаруашылығы**

2010 жылға дейінгі "Жасыл ел" бағдарламасы және су ресурстарын сақтау мен тиімді пайдалану, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар торабын дамытудың бағдарламаларын іске асыру жалғасуда. 2007 жылы ормандарды ұдайы өсіру және орманды көбейту жөніндегі жұмыстар 41,1 мың га. көлемінде жүргізілді, бұл "Жасыл ел" бағдарламасы бойынша жоспарланған көлемнен 23% артық.

Астана қаласының санитариялық-қорғау жасыл аймағын құру жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылдың көктемінде 5 мың гектар алқапқа ағаш отырғызылды. 1997 жылдан бері барлығы 35 мың га. екпе ағаш отырғызылды.

2007 жылдың өртке қауіпті кезеңінде мемлекеттік орман қоры аумағында: облыс әкімшілігі қарамағындағы 138,4 мың га көлемде (2006 жылы - 13,6 мың га.) 211 орман өрті жағдайы (2006 жылдың сәйкес кезеңінде - 384 өрт), министрлік қарамағындағы 938 мың га көлемде (2006 жылы - 32,5 мың.га) - 294 орман өрті жағдайы (2006 жылдың сәйкес кезеңінде - 575 өрт) болды. Ірі орман өртінің негізгі себептері: дала өртінің мемлекеттік орман қоры аумағына өтуі, орманды күзету мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жинақтауының әлсіздігі, мемлекеттік орманды күзету штаттарының жинақсыздығы.

Мемлекеттік орман күзетінің мемлекеттік инспекторлары және қызметшілері былтырғы жылы 25,9 мың рейд жүргізді, жүргізу барысында ағаштарды заңсыз кесудің 1351 жағдайы, 41,7 мың м<sup>3</sup> көлемінде 40 сұғанақтық жағдайы анықталды, олардың көрсеткен зияндығы 14,4 млн.теңгені құрады.

Қазақстан Республикасында аңшылықпен айналысатын жерлер 235,2 млн.га. алып жатыр, олардың ішінде 48,2% 655 аңшылық шаруашылықтарына бекітілген, қалғандары жалпы пайдалануға берілген жерлер.

Аз кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлар мен маралдардың санын есептеу жүргізілді. 2008 жылғы есеп нәтижесі бойынша маралдардың саны 61,0 мың бас.

Сонымен қатар, орташа мерзім кезеңінде одан әрі ормандарды ұдайы өсіру және орманды көбейту, өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау, жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру, орман өртін қысқарту, аз кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлар мен маралдар түрлері санын көбейту бойынша жұмыс жүргізу жоспарланып отыр.

### **Су шаруашылығы және ауыл шаруашылығы жерлерінің мелиорациясы**

2002 - 2010 жылдарға арналған "Ауыз суы" салалы бағдарламасын іске асыру аясында және 2002- 2007 жылдар кезеңінде ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында ауыз сумен жабдықтаудың жаңа жүйелерін салу және барларын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, адам саны 4,8 млн. болатын 1887 елді мекендерді сумен қамтамасыз ету жақсартылды.

2007 жылы суармалы жерлерге және суландыратын мен кәріздік жүйелерді жетілдіру жобасының, су ресурстарын басқару мен жалпы көлемі 1689,3 мың га болатын жерлерді қалпына келтіру жобасының объектілерінде агромелиоративтік тексерістер жүргізілді, далаға жүргізілген байқаулар, зерттеу және зертханалық жұмыстардың нәтижелері бойынша суарылатын жерлердің мемлекеттік мониторингі жүргізілуде.

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйесінен ауыз суды берудің қызмет құнын субсидиялау 2007 жылы төмендетілген тариф бойынша адам саны 1167,9 мың болатын елді мекенді қамтитын 34697,5 м<sup>3</sup> көлемдегі ауыз суды беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге суды жеткізудің қызмет құнын субсидиялау 7423,4 млн. м<sup>3</sup> көлеміндегі суаруға пайдаланылатын суды жеткізу құнын арзандатуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, бірқатар күрделі мәселелер де бар: Қазақстан бойынша орташа есеппен тек қана ауыл тұрғындарының 34,1% ғана су құбырындағы сумен, 60,6% жекеленген су көздерімен қамтамасыз етіледі, ал халықтың қалған бөлігі әкелінетін суды және ашық сутоғандарының суын пайдаланады; қондырғылар мен су бөлетін желілер жүйесінің көпшілігі 20 - 30 жылдан астам бұрын қолдануға берілген немесе күрделі жөндеуден өткен; жалпы республика бойынша желінің үштен екі бөлігі күрделі жөндеуді немесе оларды толық алмастыруды талап етеді; тек 41 қалаларда ғана толық технологиялық циклымен канализациялық тазалау қондырғылары бар, оның ішінде 10 қаладағы тозығы жеткендері 70% құрайды.

### **Б а л ы қ            ш а р у а ш ы л ы ғы**

Балық саласының желілік реформалау, нарықтық қарым-қатынасты енгізу және оларды халықаралық талаптар мен стандарттар талаптарына жақындату бойынша

жұмыс жалғасуда. 2006 - 2007 жылдары 10 жыл мерзімге бекітілген 956 балық ресурсын пайдаланушыларға 1466 су тоғандары және халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар учаскелер бекітілді. Бекітілген су тоғандарын күзетуді балық шаруашылығы ұйымдарының 1400 астам қорықшылары іске асырады.

Ұзақ мерзімді бекіту қағидасын енгізуден туындаған балық саласына инвестицияның өсуіне байланысты балық аулаудың бекітілген лимиттерін игеру деңгейі де күрт өсті. Сонымен, 2007 жылы 50,5 мың тонна лимит кезінде игеру 49,2 мың тоннаны құрады, алғаш рет тәуелсіздік жылдарында 97%-ға қол жеткізілді. Балық аулаудың бекітілген лимиттерін игеруге кері әсер ететін себептердің бірі балық өсіру және балық өндіру кәсіпорындарының негізгі құралдарының моральді және физикалық тозуынан балық және басқа да су жануарларының теңіз кәсіпшілігінің жоқтығы болып т а б ы л а д ы .

Балық шаруашылығы ішкі сауда әлеуетін арттыруда. Балық өнімдерінің экспорт көлемі 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 2,7 мың тоннаға немесе 8%-ға артты, мұнда құны 63%-ға артып, 79 млн. АҚШ долларын құрады.

Халық табысының өсуі бойынша балық өнімдерін тұтыну артуда. Осыған байланысты, импорт көлемі де 2006 жылмен салыстырғанда 12 803 тоннаға артты және 5 6 м ы ң . т о ң ғ а ы к ы қ ұ ғ а ы .

Қазіргі уақытта саланың аса маңызды күрделі мәселесіне тауарлық балық шаруашылығының әлсіз дамуын жатқызуға болады. Осы бағытты қарқындатудың қажеттілігі табиғи су тоғандарындағы балық шикізаты қорының шектеулілігіне және олардың таусылып қалуын болдырмау мақсатында су тоғандарында балық кәсіпшілігіне шектеу қою жөніндегі шараларды қабылдау қажеттілігіне байланысты б о л ы п о т ы р .

Орта мерзімді кезеңде тауарлық балық аулау шаруашылығын, теңіз балық аулау шаруашылығын дамыту және өндіру мен қайта өңдеу салаларына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

### **Ауылдық аумақтарды дамыту**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 сәуірдегі N 286 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007 — 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ауылдық елді мекендердің (АЕМ) әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту бойынша іс-шаралар жүзеге а с ы р ы л у д а .

Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 2007 жылы жоғары даму әлеуеті бар АЕМ саны 2003 жылмен салыстырғанда 771-ге артып, ал экономикалық әлеуеті төмен АЕМ саны 641-ге қысқарған.

2007 жылы 96 білім беру нысаны, 79 денсаулық сақтау нысаны, 215 сумен жабдықтау нысаны және жергілікті маңызы бар 250-ден астам км-ге жуық жолдар



салынды және қайта жаңғыртылды. Осы кезеңде 2 249,7 млн. теңге сомасында 11 370 шағын несиелер берілді.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда 200 мектеп апатты жағдайда тұр, 47 ауылдық мектепте оқу 3-4 ауысымда жүргізілуде, 5412 денсаулық сақтау нысаны ыңғайтылған үй-жайларда орналасқан және 340 АЕМ тасып әкелінетін суды пайдалануда. Орта мерзімді болашақта осы нысандарды белгіленген нормативтерге сәйкес келтіру қажет.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта ауылдық жерлерде әлеуметтік сала мамандарының жетіспеушілігі байқалады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спортта көрсетілетін қызметтердің сапасына кері әсерін тигізеді. Бұл мәселені шешу үшін ауылдық жерлерде жұмыс істеуге жас мамандарды тарту бойынша шаралар қабылдау қажет.

### Қызметтің стратегиялық бағыттары

1. Агроөнеркәсіптік кешені салаларын тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық өндірісті ДСҰ кіру шарттарына бейімдеу.

2. Орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи қорық қорының объектілерін сақтау, ұғымды пайдалану және өсімін молайту, сондай-ақ тұрақты сумен жабдықтау және су пайдаланудың тиімді деңгейі үшін жағдай жасау.

3. Ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде селоның (ауылдың) тіршілігін қамтамасыз етуге қалыпты жағдай жасау, ауылды дамыту бағдарламаларын ықпалдастыру арқылы ауылдық аумақтардың әлеуетін өсіруді қамтамасыз ету.

### Стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттер мен нысаналы индикаторлары

**Ескерту. Бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.12 N 688, 2009.12.22 № 2161 Қаулыларымен.**

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
		2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
1	2	3	4	5	6	7
1-Стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық өндірісті ДСҰ кіру шарттарына бейімдеу						
1.1-мақсат. АӨК өнімдері өндірісін тұрақты өсіру негізінде республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету						
Нысаналы индикаторлар:						
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімдері өндірісінің өсуі	%	108,9	95,0	103,0	104,0	105,0
Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ету	%	128,8	112,0	113,0	114,0	116,0
1.1.1-міндет. Мемлекеттік қолдау шараларын қолдану арқылы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түсімділігі мен сапасын арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету						

Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыруды қамтамасыз ету	%	113,8	85,0	102,0	103,0	105,0
Былғал қорын сақтау технологиялары арқылы егілетін алаңдарды ұлғайтуды қамтамасыз ету	%	27,2	38,3	50,0	51,3	52,7
Өндірістің, с.і. басым дақылдардың агротехникалық циклін қамтамасыз ету (субсидиялау арқылы)	млн.га	18,9	20,0	21,1	21,2	22,0
		15,8	19,3	18,1	20,8	21,6
Тыңайтқыштарды (органикалықтарды қоспағанда) қолдану көлемін көбейтуді қамтамасыз ету	%			103,0	105,0	107,0
Сорт сынау және тұқым сапасын сараптау жүйелерін жетілдіру және егу үшін сапалы тұқымдардың үлесін арттыру (шығындар)	%	90	90	90	90	90
Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығын дамыту (субсидиялау арқылы):						
бірегей тұқым өндірісі көлемін қамтамасыз ету:	мың тонна	7,4	6,5-9,5	6,5-9,5	7,0-10,0	7,5-10,5
элиталық тұқым сату көлемін қамтамасыз ету:		55,1	60,0-70,0	57,0-67,0	60,0-70,0	60,0-70,0
Жер мен суғару суын тиімді және ұтымды пайдалану есебінен ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамды суармалы жерлердің алаңын ұлғайту (шығындар)	млн.га	1,39	1,42	1,44	1,47	1,5
Суару желісінің пайдалы әсер ету коэффициентін қазіргі көрсеткіштен арттыру	коэфф.	0,46	0,50	0,54	0,58	0,62
Суармалы жерлерді суғару суымен қамтамасыз ету (кем емес)	%	90	90	90	90	90
Аса қауіпті зиянды организмдер мен аурулардың карантинді зақымдаушылар өсімдіктер мен арам шөптер ауруларының	млн.га	3,2	3,1	3,2	3,4	3,2

дамуы мен таралуы болжанған алаңдарда химиялық күрес жүргізу (шығындар)	мың,га	197,1	221,8	147,3	147,3	147,3
Азық-түлік астығының мемлекеттік қорын жаңарту және ішкі астық нарығын реттеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу жолымен Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі мен мобилизациялық қажеттілігін қамтамасыз ету	мың тонна	334,9	389,4	650,0 дейін	500,0 дейін	500,0 дейін
Жеміс дақылдарының алаңдарын жүзім алаңдарын ұлғайту есебінен жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыру	мың га	35,1 10,3	35,6 11,0	38,2 11,9	10,2 12,8	42,0 13,7
Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде агроөнеркәсіптік кешен дамуын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру	НҚА			1		
Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингтеріндегі ауыл шаруашылығы саясатына шығындары бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымдары (ұстанымдарды анықтау барысында республикадағы ауыл шаруашылығы шығындарының шет елдегі аталған саланы қолдау көлемінен төмендеген есепке алу қажет)	(ұстаным	85	93	ұстанымдарын ұстау		
Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу мен дәнді дақылдардың өнімділігін арттыру шаралары үшін ауыл	бірлік			200 дейін		

шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелеу						
1.1.2-міндет. Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру						
Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыруды қамтамасыз ету	%	103,8	104,0	102,9	104,5	105,0
Асыл тұқымды өнім (материал), оның ішінде:						
ҚҚМ	т і р і салмағы, тонна	2689,4	3012,1	2745,3	3901,0	4225,5
кой		4767,4	4355,5	6409,4	6392,7	6900,0
шошқа		1175,6	1243,0	1518,8	1750,0	1965,0
жылқы		1209,1	1210,5	1965,4	1540,0	1563,0
түйе сатып алу		473,2	575,0	519,5	720,0	810,0
ҚҚМ-ның аналық басын ұрықтандыру	мың бас	-	-	130,5	143,5	165,0
асыл тұқымды сатып алу (субсидиялау арқылы)	мың дана	7182,7	4572,0	7667,7	5000,0	5250,0
Асыл тұқымды мал шаруашылығы дамыту және ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы санында асыл тұқымды мал басының үлес салмағын арттыру (субсидиялау арқылы)	%	5,0	5,5	5,5	7,5	9,0
Ауыл шаруашылығы құрылымдары өндіретін өндірістің жалпы көлемінен мал шаруашылығы өнімдерінің:						
еттің	%	18	19	20	23	26
сүттің		10	10	10	13	15
жұмыртқаның		50	53	54	57	60
жүннің (субсидиялау арқылы) үлес салмағын арттыру		28	30	30	33	35
Эпизоотиялық саулықты қамтамасыз ету (мал басылым диагностикасы, жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу, жою, мониторинг, референция, әдістеме, зертханалық болжам және микроорганизмдер штаммдарының ұлттық коллекциясын енгізу) (шығындар)	%	100	100	100	100	100

Модульді ветеринарлық зертханалар: облыстарда; аудандарда; микроорганизмдер сақтауға арналған биоқоймалар; генетикалық өзгертілген организмдерді анықтауға салу (шығындар)	бірлік	6 1	5	5	5	57
Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында жүнді бастапқы өңдеу фабрикаларын қайта құру және жаңарту	бірлік				1	1
1.1.3-міндет. Қайта өңдеу өндірісін тұрақты дамыту және қолдау						
Ауыл шаруашылығы шикізаты қайта өңдеу өнімдері өндірісінің артуын қамтамасыз ету	%	107,2	100,8	95,6	101,3	102,0
Екінші деңгейлі банктердің несие ресурстарының пайыздық ставкаларын субсидиялау бағдарламасына қол жеткізе алатын қайта өңдеу кәсіпорындарының үлес салмағын мынаған дейін жеткізу (субсидиялау арқылы)	%	4,4	4,7	6,4	6,6	6,8
Тұтынудың жалпы көлеміне тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша импорттың үлесін төмендетуді қамтамасыз ету:						
өсімдік майы	%	29,8	47,0	46,0	44,0	43,5
шұжық		38,6	41,0	40,9	38,0	36,0
қант		29,4	27,2	25,5	24,0	20,0
көкөніс және жеміс шырындары		32,3	38,0	36,0	33,0	21,0
жеміс-көкөніс консервілері		94,5	92,5	90,6	85,0	80,0
ИСО және ХАССП стандарттары енгізген қайта өңдеу кәсіпорындарының санын арттыруды қамтамасыз ету (субсидиялау арқылы)	бірлік. Жалпы сандағы үлесі (%)	184 5,7	224 6,9	254 7,8	284 8,7	319 10

1.2-мақсат. Отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік басымдылығын дамыту

Нысаналы индикаторлар:

өсімдік шаруашылығы өнімдерін мал шаруашылығын ғылыми қамтамасыз етуді қамтыған аграрлық сектор кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарында өндірістің өсуін қамтамасыз ету	%	5	7	10	10	15
		2	3	5	5	7

Қазақстандық экологиялық және биологиялық таза өнімнің экспортқа бағдарланған брэндін қалыптастыру

Ауыл шаруашылығы дақылдарының бәсекеге қабілетті сорттарын жасау мерзімін 2-3 есе жеделдету

1.2.1-міндет. Экспорттық текшелерді алу үшін АӨК-нің сапалы бәсекеге қабілетті өнімдерін өндіру

Қытаймен шекарада астық терминалын салу						ТЭН
2013 жылы 330 мың тонна астықты тереңірек қайта өңдеу зауытын салу				ТЭН, ЖСҚ		
Инфрақұрылымы дамыған мал семірту алаңдарын салу және экспорттауға жоғары сапалы ет өндірісін қамтамасыз ету (шығындар): сыыр еті	тонна		ТЭН, ЖСҚ		2200	2200
Мақта егісінің сортты тұқымдық материалын өндіру зауытын салу	бірлік		ТЭН, ЖСҚ	1		
Тереңірек қайта өңдеу өнімі мен мұздатылған балықты қоса алғанда, балық өнімін экспортқа сатуды қамтамасыз ету	мың тонна	32	33	28	30	33
Мемлекеттік сатып алудың жылдық көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі:		80	80	80	80	80
ауыл шаруашылығында:		80	80	80	80	80
орман және аңшылық шаруашылығында:	%	80	80	90	90	90
су шаруашылығында:		70-80	70-80	70-80	70-80	70-80
балық шаруашылығында:		70	70	70	70	70

агроөнеркәсіп кешеніндегі инспекцияда:		52	80	85	90	90
Теңіз порттарында, оның ішінде Амирабадта астық терминалдарын салу және жарактандыру	бірлік	ТЭН	ЖСҚ	1		
Елдің оңтүстік өңірлерінде тамшылатып суару технологиясын қолданумен көкөніс-жеміс дақылдарын өндіруді дамыту	өсірілген көкөніс-жеміс өнімінің көлемі, тонна		8383	33 800 дейін	55 850	62 100
1.2.2-міндет. Бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелерді құру, енгізу мен таратудың тиімді жүйесін құру және адам капиталын дамыту арқылы АӨК-нің жедел ғылыми және технологиялық дамуын қамтамасыз ету.						
Ауыл шаруашылығы және басқа да дақылдардың жаңа сорттары мен будандарын құру (шығындар)	бірлік	64	40	15	20	30
Ауыл шаруашылығы және басқа да дақылдардың жаңа сорттары мен будандарын енгізу	%	8	10	10	12	15
Жалпы егістік алқабынан отандық селекция сорттары дақылдарының егістік алқабын ұлғайту	%	40	45	47	50	55
Егін, орман, су, балық, мал шаруашылығында, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіруде, ауыл шаруашылығын өнімін қайта өңдеу мен сақтауда технологияларды құру (шығындар)	бірлік	16	27	5	15	25
Егін, орман, су, балық, мал шаруашылығында, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіруде, ауыл шаруашылығын өнімін қайта өңдеу мен сақтауда технологияларды енгізу	%	10	14	16	19	22
Жыл сайынғы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде АӨК, су, балық, орман және аң шаруашылығы салаларының қажеттілігі үшін мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарына		1 9 1 0	2 0 3 0		3 3 9 0	

абитуриенттердің түсуі (шығындар) магистратураға:	адам			2 2 6 0		3 4 8 0
ауыл шаруашылығы ғылымдары				95	260	330
техникалық ғылымдар мен технологиялар						
ветеринария				35	40	40
жоғарғы білім алуға:						
ауыл шаруашылығы ғылымдары		1420	1520	1600	2380	2360
ветеринария		490	510	530	620	640
Аграрлық салада білімді өндіріске жеткізе білу жүйесі бойынша мамандар мен фермерлерді оқыту	адам		150	810	810	810

### 1.3-мақсат. АӨК салаларының қазіргі инфрақұрылымын дамыту және техникалық жабдықталуын арттыру

#### Нысаналы индикаторлар:

Мамандандырылған ұйымдардың қызметін алушыларды ұлғайту	%	6,7	7,4	7,4	7,8	8,1
Республиканың аграрлық саласында аппараттық-бағдарламалық кешенін әзірлеу және енгізу арқылы мемлекеттік саясатты толыққанды ақпараттық камтамасыз ету	%	-	-	30	100	100

### 1.3.1-міндет. АӨК салаларының қызмет көрсететін инфрақұрылымын дамыту

#### Ауыл шаруашылығы өндірісін және ауыл шаруашылығы емес бизнесті несиелендіру

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге және қайта өңдеуге несие беру, сондай-ақ несие серіктестіктері жүйесі арқылы	бірлік	153	161	161	161	161
Ауыл шаруашылығы өнімдерін бірлесе отырып өндіру, дайындау, қайта өңдеу, өткізу, сақтау, тасымалдау және тауарлы-материалдық						



құндылықтармен жабдықтау бойынша жеңілдікті несиелер арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері мен ауыл тұрғындарын біріктіруді ынталандыру (несие беру)	бірлік	74	119	125	133	141
Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығы емес түрлерін дамыту (несие беру)	бірлік	72	50	10 дейін	35	35
Мамандандырылған ауыл шаруашылығы банкі құру	бірлік					1
Өсімдік шаруашылығында қауіп-қатерді төмендету						
Қолхаттарға кепілдеме беру жүйесін дамыту және тұрақтылығын қамтамасыз ету:	мың тонна					
астық бойынша		40,02	600,0	900,0 дейін	1 349,3	1 530,1
мақта бойынша			96,0	94,5 дейін	98,1	103,2
Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктерін сақтандыру арқылы сақтауды қамтамасыз ету (субсидиялау арқылы)	млн.га	11,8	12,0	12,1	12,2	12,3
АӨК-ні ақпараттық-маркетингтік және нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету						
Ақпараттық-кеңістік қызметтерді өтеусіз негізде алушы АӨК субъектілерінің санын мынаған дейін жеткізу: (шығындар)	мың бірлік	50	50	45	50	55
Астана қаласында көрме-жәрмеңкелік кешенін салу және көрме-жәрмеңкелік шараларды, бизнес-форумдар мен конференцияларды, соның ішінде халықаралық деңгейде, жүргізу (бюджеттік инвестициялар)	бірлік			ТЭН		
Ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме базарын салу (өңірлік терминалдары бар), соның ішінде:						
- Оңтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы өнімінің				ТЭН	ЖСҚ	

көтерме базарының өңірлік терминалын салу						
- Астана қаласында ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме базарын салу	бірлік		ТЭН	ЖСҚ		
- Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында өңірлік терминалдар салу				ТЭН		
Қазақстан ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының арасында "Бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік" мақаласын жазуға конкурс өткізу	бірлік			1		
"Отандық ғылымды дамытуда жас ғалымдардың рөлін арттыру: күйі, проблемалары және оларды шешу жолдары" тақырыбында дөңгелек үстел өткізу (азаматтарды патриоттық тәрбиелеуді ұйымдастыру мақсатында)	бірлік			1		

1.3.2-міндет. Техникалық және технологиялық қайта жабдықтау

Республиканың машина-тракторлық паркін жаңарту қарқынын, соның ішінде "ҚазАгроФинанс" АҚ қатысуы арқылы ұлғайту, (бюджеттік инвестициялар есебінен) (лизинг арқылы)	%	2	2,1	0,2	0,7	0,7
	%	0,37	0,55	0,02	0,04	0,04

2-Стратегиялық бағыт. Орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту, сондай-ақ тұрақты сумен жабдықтау және су пайдаланудың тиімді деңгейі үшін жағдайлар жасау

2.1-мақсат. Орман ресурстарын, жануарлар әлемі ресурстарын, табиғи-қорық қорының ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету объектілерін сақтауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

Нысаналы индикаторлар:

Орман отырғызу көлемін ұлғайту	мың га	41,0	42,0	47,6	60,0	65,0
Орманмен жабылмаған алқаптарды жабылған алқаптарға аудару	мың га			4,0	4,5	5,0
Аңшылық алаңдарын бекіту	%	45	46	47	50	52
Ұзақ мерзімді негізде бекітілген балық	%	53,6	65,0	70,0		90,0

шаруашылығы айдындары мен олардың учаскілерінің санын көбейту					80,0	
Балық және басқа да су жануарларының аулауын көбейту	мың тонна	49,2	50,0	50,25	50,75	51,25
2.1.1-міндет. Республика аумағында орманды жерлерді көбейту, елді мекендерді көгалдандыру, олардың айналасына жасыл аймақ жасау және кеңейту, ағаш түрлерін және жеке меншік орман қорларын плантациялық өсіруді дамыту, орман ресурстарын тиімді пайдалану						
Алаңда орман шаруашылығы жұмыстарын жүргізу	мың га	949,2	407,4	890,6	514,1	829,0
Жақсартылған мұралы сапасы бар қондырмалы материалдарды алу (шығындар)	мың дана	617,5	745,0	800,0	900,0	1000,0
Астана қ. санитарлық-қорғау жасыл аймағында қайта егілетін екпе ағаштары алаңдарын көбейту (шығындар)	мың га	5	5	5	5	5
Орман қорының жалпы аумағынан республиканың мемлекеттік орман қоры аумақтарында авиациялық патрульдеуге жеткізу (шығындар)	%	20	20	20	20	30
2.1.2-міндет. Жануарлар әлемі ресурстарын және табиғи-қорық қорлары объектілерін сақтау, ұдайы өндіру және тиімді пайдалану						
Сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жабайы тұяқты жануарлар түрінің санын мекендейтін аймақтарында тұрақтандыру : тоғайдағы асыл марал	мал басы	300-350	-//-	-//-	-//-	-//-
қ ұ л а н		1600- 1800				
джейран		19000- 21000				
архар		10 000- 11 000				
үстірт муфлоны (бюджет инвестициялары)		800-900				

Киіктер санының өсуін қамтамасыз ету (шығындар)	%	10	10	10	10	10
Жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру:	бірлік га	2 924 594	2 140 834	2 452 610	1 250 000	2 136 811
барын кеңейту (шығындар)	бірлік га	3 75 739	403 550			1 48 100
2.1.3-міндет. Балық қорларын қорғауды, ұдайы өндіруді, балық аулау кәсібін мемлекеттік бақылауды және реттеуді қамтамасыз ету						
Халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарын: жергілікті маңызы бар су айдындарын мемлекеттік есеп және мониторингімен қамту (шығындар)	%	9 0 40	9 3 47	9 5 55	9 7 60	1 0 0 70
Табиғи су айдындары мен су қоймаларына бағалы кәсіптік балықтардың өмірге төзімді жас балықтарын шығару: мемлекеттік тапсырыс бойынша	млн дана	167,2	167,5	156,4	156,4	156,4
табиғатты пайдаланушылардың қаражатынан (шығындар)		36	36	36	36	36
2.2-мақсат. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу						
Нысаналы индикаторлар:						
Қазақстан Республикасы халқының сапалы ауыз суға қол жеткізуін арттыруды қамтамасыз ету	%	64,0	68,0	70,0	77,0	80,0
Экономика салалары мен қоршаған орта қажеттілігін сумен деңгейінде қамтамасыз ету	%	75,0	75,0	75,0	75,0	75,0
Су алудың жалпы көлемінің 15 % құрайтын осы уақыттағы шығын деңгейінен су шығымын азайту	%	15,0	14,0	13,0	12,0	10,0
2.2.1-міндет. Су қорларын интегралды басқару принциптерін енгізу						

Су ресурстарын басқарудың біртұтас ақпараттық-талдамалы жүйесін енгізудің базалық негізін құру (пилоттық нұсқа)	әзірлеу %			20	60	100
Ғылыми зерттеулер жүргізу, су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жаңа әдістемелік негіздер әзірлеу және барын жетілдіру (шығындар)	дана			2	3	4
Зерттеулер жүргізу және трансшекаралық су ресурстарын басқарудың жаңа үлгілерін әзірлеу	дана			1	3	4
Зерттеулер жүргізу және өзен ағысын мемлекетаралық бөлудің қолайлы үлгісін әзірлеу (шығындар)	орындау %			30	60	100
2.2.2-міндет. Су қорларын қорғау және тиімді пайдалану						
Экономиканың салаларын су ресурстары мен оларды ағымдық және ұзақ мерзімді кезеңге пайдалану туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету (шығындар)	%	60	75	85	95	100
Компенсациялық су жіберулер жүргізу (шығындар)	млн.м <sup>3</sup>	50	50	100	100	100
2.2.3-міндет. Сумен жабдықтау жүйесін, гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз және сенімді пайдалануды қамтамасыз ету						
Белгіленген талаптарға сәйкес су шаруашылығы объектілерін пайдалану: республикалық	дана					
		129	130	130	150	152
мемлекетаралық (шығындар)		10	10	10	15	15
Қауіпті қалдықтар полигонын салу және оны сынаппен ластанған материалдармен толтыру (шығындар)	экскавация көлемі, м <sup>3</sup>	45 850	770 640	850 285	200 555	9 170
Негізгі құралдарының 80 %-ы тозған су шаруашылығы объектілерін пайдаланатын						

республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі жабдықтарын жаңарту ( бюджеттік инвестициялар)	%			10	20	40
2.2.4-міндет. Сумен жабдықтау және су шаруашылығы имараттары жүйесінің тұрақты дамуы						
Ауылдық елді мекендерді және шағын қалаларды сапалы ауыз сумен қамту ( бюджеттік инвестициялар)	АЕМ саны	321	350	645	1 100	1 213
Су шаруашылығы имараттары арқылы тасқын судың апатсыз өтуі үшін өзен арнасының жағасын бекіту	км	2	4	3	4	4
3-Стратегиялық бағыт. Ауыл халқын қоныстандыруды оңтайландыру негізінде селоның (ауылдың) тіршілігін қамтамасыз ықпалдастыру арқылы ауылдық аумақтардың әлеуетін өсіру қалыпты жағдай жасау, ауылды дамыту бағдарламаларының қамтамасыз ету						
3.1-мақсат. Ауыл өмірін қамтамасыз етуге қалыпты жағдай жасау және ауылдық аумақтар әлеуетінің өсуін қамтамасыз ету						
Нысаналы индикаторлар:						
Жоғары әлеуетті дамыған ауылдық елді мекендер санын көбейту	бірлік	1754	1841	1902	1964	2025
Әлеуметтік сала мамандарын ауылдық елді мекендерге жұмысқа тарту	адам			6506	4072	5522
3.1.1-міндет. Аймақтық бәсекелестік басымдылықтарды пайдалану, ауыл халқына әлеуметтік саланың сапалы қызметін жасау негізінде республиканың ауылдық аймақтарының тұрақты дамуы						
Ауылдық елді мекендерде сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған көздерін көбейту	%	34	34,2	34,4	34,6	34,8
Ауылдық елді мекендерде әлеуметтік сала мамандарын бекіту мәселелерін реттейтін заң жобасын әзірлеу	бірлік		1			
Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	жобалар саны			700-ге дейін		
3.1.2-міндет. Ауыл халқының шағын несие ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз ету						
	%	3,5	4,2	2,2		2,5

Ауыл тұрғындарының нысаналы топтарын шағын несиелеумен қамту					2,5	
Шағын несиелеу ұйымдарын техникалық қолдау орталықтарын құру	бірлік				1	
Ауыл тұрғындарына шағын несиелеу беру (несиелеу жолымен)	адам	31 656	47 632	50 382	54 007	56 831

## Министрліктің қызметтік мүмкіндіктері

Мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, реттелген салада мемлекеттік қызметті ұсынудың сапалы, әрі оны жақсарту, ауыл шаруашылығы Министрлігі қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтеру, теориялық және тәжірибелік білімді жаңарту, техникалық мүмкіндіктерді көтеру, білім беру бағдарламалары бойынша жасай алу және машықтандыру мақсатында орталық аппарат және аумақтың органдардың қызметі өз кезінде мынадай жолдармен қамтамасыз етілді:

материалдық және аппараттық-техникалық жарақтандыру;

мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін көтеру;

тауарлар мен қызметтерді сатып алу;

ғимараттар мен үймереттерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Бұдан басқа, бөлінген ақша қаражаттарының тиімділігін көтеру және қолдануын айқындау бойынша министрліктің қызметін бақылауды күшейту және қаражаттандыру механизмін жетілдіру жағына бақылауды күшейту есебінен қандай болса, сол сияқты қоғамдық бірлестіктердің, тауар өндірушілер ассоциациясының бұл жұмыстағы әлемдік тәжірибеге сай ролін арттыру бойынша барлық тиісті шаралар қолданылатын болады.

## Мүмкін болатын қауіп-қатерлер

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің шараларын іске асыру мен қызмет процесінде сыртқы мемлекеттік органның бақылауына келмейтін және мақсатқа жетуге кедергі келтіретін төмендегідей қатарда қауіп-қатерлермен (жағдайлар, көріністер) қақтығысуы мүмкін:

Қаржылық қауіп-қатер (әлемдік қаржы дағдарысы; республикалық бюджеттен және т.б. бөлінетін қаражат көлемінің қысқаруы);

Баға қауіп-қатері (ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік және республика ішіндегі бағасының өзгеруі);

Табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлер (құрғақшылық, аяздар, үсіктер, жылу жетіспеушілігі, артық ылғалдылық, бұршақ, нөсер, қатты жел, құйын, су алу, жаппай жылыну, республикада және арнаулы елдерде өсімдіктер мен жануарлардың

жаппай ауыруы, ракеталық-ғарыштық қызметтен зиян заттарды мөлшерден артық б ө л і н у і ) ;

Шектес мемлекеттерге жабайы жануарларды көшіру кезінде мүмкін жоғалтулар;

Шектес мемлекетпен трансшекаралық су ағындарын басқару бойынша жаңа келісімдерге қол қоймау, сондай-ақ бұрын қол қойылған келісімдерді орындамау.

## Сектораралық іс-қимыл

Міндеттер атаулары		Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен шаралар
Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түсімділігі мен сапасын арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	ЖАО (Тұқым жергілікті атқарушы органдары)	Ылғал сақтау ресурсы технологиясын енгізу; Тұқым шаруашылығын дамыту; Минералды тыңайтқыштарды енгізу (органикалықты қоспағанда); Суармалы жерлерді дамыту.
	ИСМ, ҚМ, АБА, ҚБА, ЖАО	Республиканың фитосанитарлық қолайлылығын қамтамасыз ету.
	ИСМ, ЖАО	Ішімдіктерді қосқандағы азық-түлік өнімдерін көбейту; Ауылшаруашылық машина жасауды дамыту
	ЭМРМ, ЖАО	Көктемгі егіс және жинау жұмыстарына жанар-жағар маймен қамтамасыз ету.
Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру	ЖАО	Тұқымды малдарды дамыту; Қалыпты қоректік базаны құру.
	ИСМ, ҚМ, АБА, ҚБА, ЖАО	Республиканың эпизоотиялық қолайлылығын қамтамасыз ету.
Қайта өңдеу өндірісін тұрақты дамыту және қолдау	ИСМ, ЖАО	Жалпы қолдану көлемі үшін белгілі азық өнімдері бойынша импорттау үлесін азайту;
Бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелерді құру, енгізу мен таратудың тиімді жүйесін құру және адам капиталын дамыту арқылы АӨК жедел ғылыми және технологиялық дамуын қамтамасыз ету	БҒМ	Жылдық мемлекеттік тапсырыс аясында АӨК, су, балық, орман және аңшылық шаруашылығы саласы қажеттілігіне жоғары кәсіби мамандарды дайындау; Мамандар мен фермерлерді аграрлық саладағы өндірісіне білім беру бойынша оқыту
АӨК салаларының қызмет көрсететін инфрақұрылымын дамыту	ИСМ, ҚМ, АБА, ЖАО	"e-Agriculture" агроөнеркәсіп кешенінің салаларын басқарудың біркелкі автоматтандырылған жүйесін ары қарай дамыту; Ауыл шаруашылығының арнайы банкін қалыптастыру; Астана қаласында көрме-жәрмеңкелік комплекстің құру және көрме-жәрмеңкелік шараларды, бизнес-форумдар мен конференциялар өткізу, сонымен бірге халықаралық деңгейде.
Республика аумағындағы орманды жерлерді көбейту, елді мекендерді көгалдандыру, олардың айналасына жасыл аймақ жасау және кеңейту, ағаш түрлерін және орман қорларын плантациялық өсіруді дамыту, орман ресурстарын тиімді пайдалану	КБМ, ЖАО	Жалпы орман қорының аумағындағы Республиканың мемлекеттік аумақтағы орман қорын авиациялық басқаруға жеткізу.



Жануарлар әлемі ресурстарын және табиғи-қорық қорлары объектілерін сақтау, ұдайы өндіру және тиімді пайдалану	ИИМ, ҚОҚМ, ТЖМ, ӘМ	Маралдар санының өсуін қамтамасыз ету; Ерекше қорғалатын жаңа табиғи аумақты құру.
Су қорларын интегралды басқару принциптерін енгізу	ҚОҚМ, ЖРБА, КБМ, ИСМ, ТЖМ, ЭМРМ, ЖАО	Су ресурстарын бақылау бойынша ақпараттық-талдау жүйесінің бірлескен пилоттық жобасын құру.
Сумен жабдықтау және су шаруашылығы құрылысы жүйесінің тұрақты дамуы	ЖАО	Ауыл елді мекендері мен кіші қалаларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.
Аймақтық бәсекелестік басымдылығын пайдалану негізінде республиканың ауылдық аймақтарының тұрақты дамуы, ауыл халқына әлеуметтік саланың сапалы қызметін жасау	КБМ, ЭМРМ, БҒМ, ДМ, СТМ, АБА, ЖАО	Жоғары әлуетті дамыған ауыл елді мекендерінің санын көбейту

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Дүниежүзілік экономикалық форуммен айқындайтын бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің көрсеткіштері жөнінде Қазақстанның ұстанымын жақсартуға бағытталған іс-шаралар бойынша бірлесіп орындаушы болып табылады**

Фактор	Көрсеткіштің атауы
Институттар	Мемлекеттік реттеудің қиындығы
	Саяси шешімдердің қабылдану айқындығы
Макроэкономикалық тұрақтылық	Құнсыздану (стат. мәліметтер)
Жоғарғы білім мен тренинг	Мамандандырылған ғылыми-зерттеу және жаттықтыру қызметтеріне жергілікті қол жетімділік
Тауарлар нарығының тиімділігі	Жергілікті бәсекелестіктің қарқыны
	Сауда шектеулерінің көп таралғандығы
	Шет елдік меншіктің көп таралғандығы
	Тұтыну бейімділігінің дәрежесі
	Нақты стандарттардың қатысуы
	Аймақтық сатылымдардың дәрежесі
	Халықаралық нарықтардың кендігі
Еңбек нарығының тиімділігі	Төлем және өнімдік
Технологиялық дамудың деңгейі	Соңғы технологияларға қол жетімділік
	Серіктестік деңгейінде технологияларды пайдалану
	Тікелей шет елдік технологиялар және инвестициялар
Нарық көлемі	Сыртқы нарықтың көлемі (стат. мәлім)
	ЖІӨ % қатынасындағы импорт
	ЖІӨ % қатынасындағы экспорт
Бизнесті дамыту үшін шарттар	Жергілікті жеткізушілердің саны
	Жергілікті жеткізушілердің сапасы
	Кластерлік дамуы
	Бәсекеге қабілеттік басымдылығының табиғаты
	Қосылған құн тізбегінің ұзындығы

	Халықаралық таралымның бақылауы
	Өнімді дамыту шарттары
	Маркетинг шектері
Инновациялар	Университеттің өнеркәсіппен ғылыми ынтымақтастықтығы
	Мемлекетпен озық технологияларды сатып алу

## **Бағдарламалық және басқа нормативтік құқықтық құжаттар тізімі**

1. Ел Президентінің 2008 жылы 6 ақпандағы Қазақстан халқына жолдауы "Қазақстан азаматтарының әл-ауқатының өсуі - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты";
2. Қазақстан Республикасының су кодексі;
3. Қазақстан Республикасының орман кодексі;
